

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 19 мамырдағы N 740 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

"Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 9 қазандағы N 194 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2006 ж., N 38, 418-құжат; 2007 ж., N 24, 267-құжат; N 42, 476-құжат; 2008 ж., N 42, 464-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурс туралы";

2) 1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. 2009 жылдан бастап жыл сайынғы Қазақстан Республикасы Президентінің "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсын өткізу белгіленсін.";

3) 2-тармақтағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты" деген сөздер "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4) 3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" деген сөздер "Алтын сапа" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) тармақша алып тасталсын;

3) тармақшадағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты

атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты" деген сөздер "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

5 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" деген сөздер "Алтын сапа" деген сөздермен ауыстырылсын, "ережелерін" деген сөзден кейін "әзірлесін және бекітсін" деген сөздермен толықтырылсын;

2) т а р м а қ ш а а л ы п т а с т а л с ы н ;

7) жоғарыда аталған Жарлықпен құрылған Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссияның құрамында :

тақырыптағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты" деген сөздер "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

"Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникация министрі" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі";

8) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурс өткізу және лауреат атағын беру ережелерінде:

тақырыптағы және мәтіндегі "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" деген сөздер "Алтын сапа" деген сөздермен ауыстырылсын;

2-тармақтың бірінші абзацында:

"және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын" деген сөздер алып тасталсын;

"екі санат бойынша" деген сөздер алып тасталсын;

5-тармақтың үшінші абзацы және 1) және 2) тармақшалары алып тасталсын;

8-тармақтағы "кезекті конкурс өткізілетін жылдың алдындағы жылдың желтоқсанында" деген сөздер "ағымдағы жылдың ақпан айында" деген сөздермен ауыстырылсын;

13 - т а р м а қ т а :

"жыл сайын" деген сөздерден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

"(қарашаның екінші бейсенбісі)" деген сөздер алып тасталсын;

9) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты атағын беру жөніндегі комиссия туралы ережеде :

бүкіл мәтін бойынша "конкурстар", "конкурстарға", "конкурстардың", "конкурстарды" деген сөздер тиісінше "конкурс", "конкурсқа", "конкурстың", "конкурсты" деген сөздермен ауыстырылсын;

тақырыптағы және 1-тармақтағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығының лауреаты атағын және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсының дипломанты" деген сөздер "Алтын сапа" сыйлығының лауреаты" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - т а р м а қ т а :

1) тармақшадағы "Сапа саласындағы жетістіктері үшін" сыйлығын алуға арналған конкурсқа" және "Алтын сапа" республикалық көрме-конкурсына" деген сөздер "Алтын сапа" сыйлығын алуға арналған конкурсқа" деген сөздермен ауыстырылсын;

3) тармақшадағы "лауреаттары мен дипломанттарын" деген сөздер "лауреаттарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 - т а р м а қ т а :

"жағдайда" деген сөзден кейін "Қазақстан Республикасы Президентінің қатысуымен" деген сөздермен толықтырылсын;

"(қарашаның екінші бейсенбісі)" деген сөздер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі осы Жарлықтан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы Жарлық алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев